



Репродукциялық саулықты сақтау туралы



Астана, 2023 ж.

**Репродукциялық саулықты сақтау мәселелерінде
консультациялық жұмыс жүргізу бойынша
жастар ресурстық орталықтарына арналған
әдістемелік ұсынымдар**

Астана, 2023 жыл

ӘОЖ 618
КБЖ 51.1
С 51

Репродукциялық саулықты сақтау мәселелерінде консультациялық жұмыс жүргізу бойынша жастар ресурстық орталықтарына арналған әдістемелік ұсынымдар.

Автор: Сейтказина К. А.

Редакторлар: Абенов А. Д., Затилла Н. Ж.

ISBN 978-601-7857-61-5

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы репродукциялық саулықты сақтау мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындады. Осы ұсынымдардың мақсаты – әртүрлі деңгейде қабылданатын қолдау шаралары туралы өзекті ақпарат ұсыну. Әдістемелік ұсынымдар мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда жастар ресурстық орталықтарының қызметін ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған.

Научно-исследовательским центром «Молодежь» подготовлены методические рекомендации по вопросам охраны репродуктивного здоровья. Целью данных рекомендаций является предоставление актуальной информации о принимаемых мерах содействия на различных уровнях. Методические рекомендации направлены на информационное обеспечение деятельности молодежных ресурсных центров в реализации государственной молодежной политики.

ISBN 978-601-7857-61-5

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

МАЗМҰНЫ

РЕПРОДУКЦИЯЛЫҚ САУЛЫҚ САҚТАУДА ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?.....	4
ЖАЛПЫ АМАЛДАР МЕН ҰҒЫМДАР	6
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	8
ЖАСТАРҒА КЕҢЕС БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	10
NOTA BENE	21

РЕПРОДУКЦИЯЛЫҚ САУЛЫҚ САҚТАУДА ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

2022 жылғы желтоқсан айында мемлекеттік жастар саясаты туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның аясында жастар ресурстық орталықтарының *(бұдан әрі – ЖРО)* қызметкерлері репродукциялық саулықты сақтау мәселелері бойынша жастар арасында ақпараттық-түсіндіру мен консультациялық жұмысты жүзеге асырады¹.

Репродукциялық саулық – адамға қатысты жалпы денсаулықтың құрамдас бөлігі және адам дамуында маңызды орын алады. Репродукциялық саулық ер мен әйел адамның репродукциялық жүйелеріне ғана қатысты түсінік емес, оның ауқымы бұл шеңберден әлдеқайда кең. Ол физиологиялық саулыққа, сондай-ақ өз денесіне деген салауатты көзқарасты қамтитын психология амандығын және ақпараттың қолжетімділігі мен тең мүмкіндіктерге ие болу сияқты әлеуметтік факторға да қатысты.

Репродукциялық саулықтың қоғамдық маңызы бар. Статистикалық дереккөздерге сәйкес жыныстық жолмен берілетін

¹ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ Заңы, 23-бап.

инфекцияларды (бұдан әрі – ЖЖБИ) жұқтыру саны артып келеді. ЖЖБИ, өз кезегінде, бедеуліктің, онкологиялық аурулардың және жүктілік кезіндегі асқынулардың, сонымен қатар адамның иммунитет тапшылығы вирусының (бұдан әрі – АИТВ) өсу қаупіне әкеледі. Бұл тұрғыда әр адамның физикалық және психикалық саулығының сапалы деңгейіне ие болу құқығын жүзеге асыруға бағытталған мәселелердің алдын алу және оларды шешу үшін уақытылы шаралар қабылдаған маңызды.

ЖРО жастармен тікелей жұмыс істейтін мекеме болғандықтан, орталық мамандарының репродукциялық саулық бойынша негізгі білімінің болғаны жөн.

Бұл әдістемелік ұсынымдарды «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы ЖРО-ның консультациялық қызметі үшін қосалқы ақпараттық ресурс ретінде әзірледі.

ЖАЛПЫ АМАЛДАР МЕН ҰҒЫМДАР

ҚР заңнамасына сәйкес репродукциялық саулық – адамның дүниеге толыққанды ұрпақ әкелу қабілетін көрсететін денсаулық². Репродукциялық саулық ер мен әйел адамның қауіпсіз жыныстық өмірге ие болуы мүмкіндігін, көбею мәселесіне қатысты таңдау жасау еркіндігін, қажет жағдайда арнайы орталықтардан кеңес және көмек алу мүмкіндігінің барын білдіреді.

Репродукциялық саулық – жастардың жалпы амандығының негізі. Жастардың репродукциялық саулық саласындағы хабардар болу деңгейін арттыру олардың түрлі жағымсыз салдарға тап болуының алдын алуы мүмкін. Мәселен, ЖЖБИ-дан, қаламаған жүктіліктен және соның салдарынан қорғану жөнінде хабардар болғаны жөн. Репродукциялық жүйе туралы сапалы ақпарат жастарға өз тәні, жеке шекарасы мен құқығы жайлы түсінік алуға мүмкіндік береді.

Репродукциялық саулық жүйесі туралы жалпы қабылданған нормаларды түсіну үшін ресми дереккөздер мен терминологиялық анықтамаларға жүгінген абзал. Репродукциялық саулық контексінде физиологиялық даму

² Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, 1-бап.

басталатын жасөспірім кезеңін және процестер туралы жалпы түсінік беретін репродукциялық жүйе сияқты негізгі ұғымдарды атап өту қажет.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы репродукциялық жүйені ұрықтандыру процесін қамтамасыз ететін, адамның көбеюіне ықпал ететін органдар мен жүйелер кешені деп анықтайды. ЮНФПА* қорының анықтамасына сәйкес жасөспірім кезең – бұл бала кезден ересек жасқа дейінгі өсу, жыныстық жетілу кезеңі. Жасөспірім кезеңде ұл-қыздың репродукциялық жүйелері дами бастайды. Мәселен, қыздардың кеудесі ұлғаюы, ал ұлдардың дауысы өзгеруі байқалуы мүмкін.

Бұл – сонымен қатар кез келген адамның психикалық амандығы үшін маңызды әлеуметтік-эмоциялық машықтардың қалыптасатын уақыты. Оларға салауатты режимді қалыптастыру, тұрақты физикалық белсенділік, қиын жағдайларды еңсеру, мәселе шешу және тұлғааралық қарым-қатынас машықтарын дамыту, сондай-ақ өз эмоциясын басқара білуді үйрету жатады. Осыдан түйетін нәрсе – жыныстың жетілуі оқшауланған жеке процесс емес, оның адам өміріне және түрлі аспектілеріне тікелей әсері бар.

* UNFPA – Біріккен Ұлттар Ұйымының халықтың қоныстануы саласындағы қоры

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Құқықтық негіз

ҚР азаматтары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске сәйкес:

- 1) репродукцияны еркін таңдауға;
- 2) репродукциялық саулықты сақтау және отбасын жоспарлау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді алуға;
- 3) өзінің репродукциялық саулығы жағдайы туралы анық және толық ақпарат алуға;
- 4) бедеуліктен, оның ішінде ҚР-да рұқсат етілген репродукцияның заманауи қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге;
- 5) қаламаған жүктілікті болғызбауға;
- 6) ана болу қауіпсіздігіне;
- 7) жыныстық жасушалардың, репродукциялық ағзалар тіндерінің донорлығына;
- 8) контрацепция әдістерін пайдалануға және еркін таңдауға;
- 9) хирургиялық стерилизациялауға;
- 10) жүктілікті жасанды үзуге;
- 11) өзінің репродукциялық құқығының қорғалуына;
- 12) балалардың санына және олардың некеде немесе некесіз туу уақытына, туу арасын-

дағы ана мен баланың денсаулығын сақтау үшін қажетті аралықтарға қатысты шешімді еркін қабылдауға құқылы.

Институция жағынан қолдау

Бүгінгі таңда Қазақстанда медициналық қызмет көрсететін базалық инфрақұрылым бар: көпсалалы қалалық, облыстық, аудандық деңгейдегі ауруханалар мен медициналық орталықтар. Сондай-ақ жекеменшік медициналық репродукциялық саулық орталықтары да жұмыс істейді. Одан бөлек АИТВ инфекциясының алдын алу орталықтары, жұқтырылған иммунитет тапшылығы синдромының (*бұдан әрі – ЖИТС*) алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар жұмыс істейді.

Жалпы инфрақұрылыммен қатар жастар денсаулық орталықтары (*бұдан әрі – ЖДО*) да жұмыс істейді. Онда медициналық, әлеуметтік-психологиялық көмек және арнайы дәрігерлерден кеңес алу қызметтері жүзеге асырылады. Елімізде 191 ЖДО бар (2022 жылғы деректер бойынша), олардың мекенжайын www.hls.kz сайтынан табуға болады.

ЖАСТАРҒА КЕҢЕС БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Репродукциялық саулық туралы ақпарат алу үшін мынадай дереккөздерге жүгінуге болады:

www.hls.kz – ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулықты сақтау ұлттық орталығының сайты.

www.shyn.kz – жасөспірімдер, жастар мен олардың ата-анасына арналған репродукциялық саулық туралы ақпарат көзі.

www.kazakhstan.unfpa.org – ЮНФПА сайтында репродукциялық саулық туралы қазақ және орыс тілдеріндегі дайын ақпараттық брошюраларды жүктеуге және жастар арасында таратуға болады.



Репродукциялық саулық саласында жастар арасында кеңес берудің негізгі бағыттары бойынша қажетті ақпарат төменде ұсынылады. Материалдар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және ЮНФПА анықтамасына сүйене отырып жасалды.

Контрацепция әдістері

Контрацепция – арнайы контрацептив қолдану арқылы жүктіліктің алдын алу процесі. Бүгінгі таңда контрацепцияның 5 әдісі бар:

1. Барьерлік
2. Гормондық
3. Хирургиялық
4. Химиялық
5. Табиғи

Барьерлік әдіс – қаламаған жүктіліктен ғана емес, сондай-ақ ЖЖБИ-ден де сақтануға мүмкіндік беретін контрацепцияның жалғыз әдісі. Оның өзі 2 түрлі болып келеді – ерлерге арналған (мүшеқап) және әйелдерге арналған (фемидом, диафрагма, жатыр қалпақшасы).

Гормондық әдіс – құрамында гормондардың екі түрі – эстроген мен прогестин бар дәрілер. Тек әйелдерге арналған, олар овуляция процесін болдыртпайды (аналық жасушаның жетілуіне жол бермейді). Бұл әдісті тағайындау барысында әйелдің физиологиясына сай дәрінің қажетті формасын дәрігер таңдайды.

Хирургиялық әдіс – қайтымсыз нәтижелі контрацепция әдісі. Ерлерге вазэктомия, ал әйелдерге стерилизация қолданылады. Бұл ота жыныстық функцияларды сақтай отырып, стерильділікке (ұрпақ бере алмауға) әкеледі.

Химиялық әдіс – жыныстық қатынастың алдында жергілік түрде қолданылады. Химиялық заттардың әсері сперматозоидтарға тосқауыл болады. Шарлар, пасталар және майлар түрінде қолжетімді.

Табиғи әдіске күнтізбелік бақылау, жыныстық қатынастың үзілуі, лактациялық аменорея (емізу салдарынан менструацияның болмауы) жатады.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар

ЖЖБИ – жыныстық қатынас арқылы адамнан адамға берілетін инфекциялар тобы. Кейбір ЖЖБИ жүктілік және босану кезінде анадан балаға, сондай-ақ инфекция жұққан қан арқылы берілуі мүмкін.



- **ЖЖБИ-ден емделмесе, қандай зардабы болуы мүмкін?**
- Емделмеген жағдайда олар ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Атап айтқанда, неврологиялық және жүрек-қан тамырлары аурулары, бедеулік, жатырдан тыс жүктілік, баланы өлі туу. Сондай-ақ АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупі өседі.

- **ЖЖБИ жұққанда қандай белгілері байқалады?**
 - Аурулардың көбі симптомсыз дамиды. Ең жиі кездесетін белгілері – іш ауруы, зәр шығару кезінде ауырсыну және жыныс мүшелерінің жаралары.

- **Қоздырғыш түріне қарай ЖЖБИ-дің қандай түрлері бар?**
 1. Бактериялық (соз ауруы, хламидиоз, мерез)
 2. Вирустық (АИТВ, адам папиллома вирусы (АПВ), герпес, гепатит)
 3. Саңырауқұлақтық (кандидоз)
 4. Паразиттік

- **ЖЖБИ-ден қалай сақтануға болады?**
 - ЖЖБИ-ден сақтанудың ең тиімді әрі оңтайлы түрі – барьерлік контрацепция әдістерін үнемі және дұрыс қолдану. Сондай-ақ арнайы скринингтен өту арқылы уақытылы емдеуді қамтамасыз ету, асқыну және инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу.

- **ЖЖБИ-ден қай жерде емделуге болады?**
 - Аталған инфекциялардан құтылу үшін арнайы тері-венерология диспансерлері мен орталықтарға жүгіну керек. Қазақстанда осы бағыттарда қызмет ететін орталықтардың тізімін мына сілтемеден табуға болады: www.kncdiz.kz



Білгенге абзал:

Гинеколог – әйелдердің жыныс жүйесі ауруларына диагностика жүргізіп, емдеумен және алдын алумен айналысатын дәрігер.

Андролог – ерлердің жыныс мүшесінің ауруларын тексеріп, диагностикалаумен, емдеумен және алдын алумен айналысатын дәрігер.

Уролог – ерлер мен әйелдердің несеп шығару жүйелерінің ауруларын диагностикалауды, алдын алуды және емдеуді жүзеге асыратын дәрігер.

Венеролог (дерматовенеролог) – ЖЖБИ-дің алдын алумен, диагностикалаумен және емдеумен айналысатын тарбейінді маман.

*Адамның иммунитет тапшылығы вирусы.
Жұқтырылған иммунитет тапшылығы синдромы.*

АИТВ иммунитет жүйесінің жасушаларын зақымдайды, нәтижесінде оның жұмысы тежеледі де, ЖИТС дамиды. Адам ағзасы инфекциялардан және ісіктерден қорғану қабілетін жоғалтады, сондай-ақ иммунитет мәртебесі қалыпты адамдарға тән емес қайталама аурулар пайда болады³.

● **АИТВ қалай жұғады?**

АИТВ жұғуының 3 жолы бар:

- жыныстық қатынас;
- анадан балаға;
- қан арқылы (медициналық манипуляция).



● **АИТВ не арқылы жұғуы мүмкін?**

АИТВ мыналар арқылы жұғуы мүмкін:

- қан;
- ана сүті;
- әйелдердің жыныстық шығарымы;
- ерлердің жыныстық шығарымы.

³ UNFPA сайты. «Әйел үшін маңызды. Сенің репродуктивті денсаулығың және репродуктивті құқықтарың» әдістемелік нұсқаулығы.

- **АИТВ жұққан болып шықса, өмір сүруге бола ма?**
- АИТВ кезінде арнайы антиретровирус терапиясы (*бұдан әрі – АРТ*) тағайындалады. АРТ және салауатты өмір салтын ұстану шарттарын орындаған жағдайда адам өміріне еш қауіп жоқ. Бірақ АИТВ дер кезінде анықталмай, АРТ жүргізілмесе, ол синдром деңгейіне өтеді. Бұл аурулар шамамен 9-11 жылдан кейін пациенттің өліміне әкелуі мүмкін.

- **АИТВ қалай анықталады?**
- Инфекцияны қан тапсыру арқылы анықтауға болады. Алайда оны жұқтырған сәттен бастап 2 апта мен 6 айға дейінгі уақыт аралығында адам денсаулығы сыр бермеуі мүмкін. Осы кезде адам ағзасындағы вирус анықталмауы мүмкін.

- **АИТВ жұқтырған әйел бала көтере ала ма?**
- Иә. Бірақ сау бала дүниеге әкелу үшін әйел АРТ-дан өтуі керек. Сондай-ақ баланы табиғи жолмен емес, кесарь тілігі арқылы дүниеге әкеліп, ешқашан бала емізбеуі қажет. Осы шарттар орындалған жағдайда балаға АИТВ жұғу қаупі азаяды.

- **АРТ-дан қалай өтуге болады?**

- Қазақстанда бұл терапия тегін. Егер де қан талдауы нәтижесінде АИТВ бар болып шықса, пациентті арнайы тіркеуге алады. Әр өңірде арнайы АИТВ мен ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар жұмыс істейді. Сондай-ақ ЖИТС орталықтары жанындағы сенім пункттері мен достық кабинеттері де бар. АРТ-дан өту аясында дәрі-дәрмекті де сол орталықтардан алуға болады.

Қосалқы репродукциялық технологиялар

Қазақстанда «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қосалқы репродукциялық технологиялар арқылы квоталармен жұмыс істейтін 19 орталық бар.

- **Қосалқы репродукциялық технология (ҚРТ) дегеніміз не?**

- ҚРТ дегеніміз – бедеулікті емдеу әдістері, жасанды ұрықтандыру процесі.

- **Квотаға кім өтініш бере алады?**

- Есірткі мен алкогольге тәуелді емес, жүктілік пен бала тууға қарсы көрсетімі жоқ, соматикалық және психикалық ауруға шалдықпаған Қазақстанның барлық азаматы құқылы.

- **Квотаны алу критерийлері қандай?**

- Дәрігер тексеріп, нәтижесінде жасаған қорытынды негізінде ҚРТ-ға арнайы көрсеткіш беріледі.

- **Квотаға өтінім беру процесі қандай?**

- Іріктеу қағидаларына сай болу;
- Тұрғылықты жері бойынша әйелдерге консультация беру бөлімінен тексерістен өту;
- Қарсы көрсетімі жоқ болса, дәрігерлер комиссиясынан өту;
- ЭКҰ* клиникасында комиссиядан өту;
- Квота алу;
- Репродуктологтың барлық ұсынысы мен талабын орындап, ЭКҰ бағдарламасына қатысу.

- **Қай клиникада ЭКҰ процесін квота арқылы жүзеге асыруға болады?**

- МӘМС* жүйесі шеңберінде ҚРТ қызметін еліміздің 8 қаласындағы 19 клиника (оның ішінде 3 мемлекеттік, 16 жекеменшік медициналық ұйым) ұсынады⁴.

* Экстракорпоральдық ұрықтандыру

* Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

⁴ https://egov.kz/cms/kk/articles/health_care/eco

• **ЭКҰ-ны квота арқылы өткізетін орталықтар қай қалада бар?**

- *Алматыда – 8:*

- «Акушерлік, гинекология және перинатология оқу орталығы» АҚ
- «Репродуктивті медицина институты» ЖШС
- «Private Clinic Almaty» ЖШС
- «ЭКО» орталығы ЖШС
- «Persona» Халықаралық Репродуктология Клиникалық Орталығы» ЖШС
- «AMD» клиникасы ЖШС
- «Ecomed» фирмасы» ЖШС
- «Нұрай» ЖШС «ЭКҰ» Клиник»

- *Астанада – 4:*

- «Астана Эколайф» ЖШС
- «Геном Астана» ЖШС
- «Экомед Плюс» ЖШС
- «University Medical Center» ҚҚ

- *Шымкентте – 2:*

- «Доктор ТАРАРАКТЫҢ ЭКҰ орталығы» ЖШС
- «Экомед-Шымкент» ЖШС

- *Ақтөбеде:*

- «Облыстық перинаталдық орталық» Ақтөбе облысының Денсаулық басқармасы ШЖҚ МКК

- *Қарағандыда:*

- «Ақжан» ЖШС

- *Атырауда:*

- «Экомед-Атырау» ЖШС

- *Өскеменде:*

- «Облыстық репродукциялық медицина орталығы» ЖШС

- *Таразда:*

- «Неке және отбасы» медициналық орталығы» ЖШС


Орталық қызметіне жүгіну алдында әр азамат олардан кеңес ала алады, ақпаратпен танысып, клиниканы таңдау туралы шешім қабылдай алады.

NOTA BENE

БҰҰ-ның «Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әлауқатына ықпал ету» жөніндегі Орнықты даму мақсатының бір бағыты 2030 жылға қарай репродукциялық саулықты қорғау мәселелеріне арналған. Атап айтқанда, отбасын жоспарлау және репродукциялық саулық туралы ақпарат тарату бағытындағы ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларды интеграциялап, қолжетімді ету көзделген.

Қазіргі таңда Қазақстанда ЖРО-лар репродукциялық саулық бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі болып отыр. Өз кезегінде, ЖДО-ның да іс жүзінде жинақтаған тәжірибесі мол. Олардың өзара әрекеттесуі жастарға сапалы консультациялық көмек беруді іске асыру үшін негіз бола алады.

Жалпы репродукциялық саулық туралы жүргізілген түрлі зерттеу барысында жүйелік проблема бар екені анықталып отыр. Солардың қатарында репродукциялық саулықты сақтау мәселелері хақында халықтың білімінің жеткіліксіз болуы, қаламаған жүктілік және жыныстық жолмен берілетін аурулардың өсуі бар. Осы орайда репродукциялық саулық саласындағы күш-жігер медициналық куәландыруды,



контрацепцияның заманауи әдістерін қолдануды, сондай-ақ репродукциялық ауруларды диагностикалау мен емдеуді қамтитын қолжетімді және сапалы қызметтерді құруға бағытталуға тиіс.

**Методические рекомендации для
молодежных ресурсных центров по
проведению консультативной работы в
вопросах охраны репродуктивного
здоровья**

Астана, 2023 год

СОДЕРЖАНИЕ

ПОЧЕМУ МОЛОДЕЖНЫЕ РЕСУРСНЫЕ ЦЕНТРЫ И РЕПРОДУКТИВНОЕ ЗДОРОВЬЕ?	25
ОБЩИЕ ПОДХОДЫ И ПОНЯТИЯ	27
ИНФРАСТРУКТУРА ДЛЯ МОЛОДЕЖИ В СФЕРЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ	30
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ КОНСУЛЬТИРОВАНИЯ МОЛОДЕЖИ	32
NOTA BENE	43

ПОЧЕМУ МОЛОДЕЖНЫЕ РЕСУРСНЫЕ ЦЕНТРЫ И РЕПРОДУКТИВНОЕ ЗДОРОВЬЕ?

Согласно принятым изменениям и дополнениям в закон о государственной молодежной политике в декабре 2022 года молодежные ресурсные центры (*далее – МРЦ*) осуществляют информационно-разъяснительную, консультативную работу с молодежью по вопросам охраны репродуктивного здоровья⁵.

Репродуктивное здоровье является компонентом общего здоровья и занимает важную роль в развитии человека. Определение репродуктивного здоровья масштабнее понятий репродуктивной системы мужчины и женщины. Оно затрагивает не только физиологическое здоровье, но также психологическое благополучие, включающее здоровое отношение к своему телу, и социальный фактор, как доступ к информации и наличие равных возможностей.

Репродуктивное здоровье имеет общественное значение. Статистические данные показывают, что увеличивается количество заражения инфекциями, передающимися половым путем (*далее – ИППП*). ИППП, в свою очередь, приводят к рискам возникновения бесплодия, онкологических заболеваний и

⁵ Закон Республики Казахстан О государственной молодежной политике от 9 февраля 2015 года № 285-V ЗРК, статья 23.

осложнений в период беременности, а также повышают риск заражения вирусом иммунодефицита человека (*далее – ВИЧ*). И в этом контексте важно своевременно принимать меры для профилактики и решения проблем, направленных на реализацию прав каждого человека обладать качественным уровнем физического и психического здоровья.

Поскольку МРЦ является учреждением, непосредственно работающим с молодежью, то важно, чтобы специалисты центров имели базовые знания по вопросам репродуктивного здоровья.

Данные методические рекомендации разработаны научно-исследовательским центром «Молодежь» для использования в качестве вспомогательного информационного ресурса в консультативной деятельности МРЦ.

ОБЩИЕ ПОДХОДЫ И ПОНЯТИЯ

В соответствии с законодательством РК репродуктивное здоровье – это здоровье человека, отражающее его способность к воспроизводству полноценного потомства⁶. Репродуктивное здоровье означает возможность мужчин и женщин иметь безопасную половую жизнь, свободу выбора в отношении продолжения рода, возможность получения консультаций и помощи в специализированных центрах в случае необходимости.

Репродуктивное здоровье является основой для общего благополучия молодых людей. Повышение уровня осведомленности молодежи в области репродуктивного здоровья может предотвратить их от различных негативных последствий. К примеру, защитить от ИППП и от последствий нежелательной беременности. Качественная информация о репродуктивной системе позволяет молодым людям иметь общее представление о своем теле, личных границах и правах.

Для понимания общепринятых норм о системе репродуктивного здоровья необходимо обращаться к официальным источникам и терминологическим обозначениям. В контексте

⁶ Кодекс Республики Казахстан О здоровье народа и системе здравоохранения от 7 июля 2020 года № 360-VI ЗРК, статья 1.

репродуктивного здоровья следует выделить такие основные понятия как подростковый период, с которого начинается физиологическое развитие, и репродуктивная система, которая дает общее понимание процессов.

Всемирная организация здравоохранения определяет репродуктивную систему как комплекс органов и систем, обеспечивающих процесс оплодотворения, способствующих размножению человека. Согласно определению фонда ЮНФПА*, подростковый период – это период роста, полового созревания от детского до взрослого возраста. В подростковом возрасте начинают развиваться репродуктивные системы мальчиков и девочек. Например, у девочек отмечается увеличение груди, а у мальчиков изменение голоса.

Это также время формирования эмоционально-социальных навыков, которые важны для психического благополучия любого человека. К ним относятся формирование здорового образа жизни, регулярная физическая активность, преодоление сложных ситуаций, решение проблем и развитие навыков межличностного общения, а также обучение эмоциональному самоконтролю. Отсюда сле-

* UNFPA – фонд Организации Объединенных Наций в области народонаселения

дует, что половое созревание – это не изолированный индивидуальный процесс, оно имеет прямое влияние на жизнь человека и различные его аспекты.

ИНФРАСТРУКТУРА ДЛЯ МОЛОДЕЖИ В СФЕРЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

Правовая основа

Согласно кодексу «О здоровье народа и системе здравоохранения» граждане РК имеют право на:

- 1) свободный репродуктивный выбор;
- 2) получение услуг по охране репродуктивного здоровья и планированию семьи;
- 3) получение достоверной и полной информации о состоянии своего репродуктивного здоровья;
- 4) лечение бесплодия, в том числе с применением современных вспомогательных репродуктивных методов и технологий, разрешенных в РК;
- 5) предотвращение нежелательной беременности;
- 6) безопасное материнство;
- 7) донорство половых клеток, ткани репродуктивных органов;
- 8) использование и свободный выбор методов контрацепции;
- 9) хирургическую стерилизацию;
- 10) искусственное прерывание беременности;
- 11) защиту своих репродуктивных прав;

- 12) свободное принятие решения относительно количества детей и времени их рождения в браке или вне брака, интервалов между рождениями, необходимых для сохранения здоровья матери и ребенка.

Институциональное содействие

На сегодняшний день в Казахстане имеется базовая инфраструктура для оказания необходимых медицинских услуг: многопрофильные больницы и медицинские центры городского, областного, районного уровней. Также действуют частные медицинские центры репродуктивного здоровья. Кроме того, функционируют центры профилактики ВИЧ-инфекции, центры по профилактике и борьбе с синдромом приобретенного иммунодефицита (*далее – СПИД*).

Наряду с общей инфраструктурой свои услуги предоставляют молодежные центры здоровья (*далее – МЦЗ*), где осуществляется медицинское обслуживание, социально-психологическая помощь и консультирование у специализированных врачей. В стране функционирует 191 МЦЗ (по данным 2022 года), адреса можно найти на сайте www.hls.kz.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ КОНСУЛЬТИРОВАНИЯ МОЛОДЕЖИ

Для получения информации о репродуктивном здоровье можно обратиться к следующим источникам:

www.hls.kz – сайт Национального центра общественного здравоохранения Министерства здравоохранения РК.

www.shyn.kz – источник информации о репродуктивном здоровье для подростков, молодежи и их родителей.

www.kazakhstan.unfpa.org – на сайте ЮНФПА можно скачать и распространять среди молодежи готовые информационные брошюры о репродуктивном здоровье на казахском и русском языках.



Ниже представлена информация по основным направлениям консультирования молодежи в области репродуктивного здоровья. Материалы были составлены на основе данных Всемирной организации здравоохранения и ЮНФПА.

Методы контрацепции

Контрацепция – это процесс предотвращения беременности специальными контрацептивами. На сегодняшний день существует 5 методов контрацепции:

1. Барьерный
2. Гормональный
3. Хирургический
4. Химический
5. Естественный

Барьерный метод – единственный метод контрацепции, который позволяет избежать не только нежелательной беременности, но и защищает от ИППП. Он имеет 2 вида: мужской (презерватив), женский (фемидом, диафрагма, маточный колпачок).

Гормональный метод – это препараты, содержащие два типа гормонов – эстрогены и прогестины. Предназначенные только для женщин, они предотвращают процесс овуляции (препятствуют созреванию яйцеклеток). При назначении этого метода врач подбирает необходимую форму лекарства, соответствующую физиологии женщины.

Хирургический метод – это метод необратимой контрацепции. Для мужчин

применяется вазэктомия, а для женщин – стерилизация. Эта операция приводит к бесплодию (неспособности производить потомство) при сохранении половых функций.

Химический метод применяется местно перед половым актом. Воздействие химических веществ блокирует действие сперматозоидов. Доступен в виде шариков, паст и масел.

Естественный метод включает календарный контроль, прерывистый половой акт, лактационную аменорею (отсутствие менструаций из-за грудного вскармливания).

Инфекции, передающиеся половым путем



ИППП представляют собой группу инфекций, которые передаются от человека к человеку половым путем. Некоторые ИППП могут передаваться от матери к ребенку во время беременности и родов, а также через инфицированную кровь.

- **Каковы последствия при отсутствии лечения ИППП?**
- Если не лечить ИППП, то инфекции могут иметь серьезные последствия, а именно

неврологические и сердечно-сосудистые заболевания, бесплодие, внематочную беременность, мертворождение. Также повышается риск заражения ВИЧ-инфекцией.

- **Каковы симптомы ИППП?**

- Большинство заболеваний развиваются бессимптомно. Наиболее распространенными симптомами являются боль в животе, боль при мочеиспускании и генитальные язвы.

- **Какие типы ИППП существуют в зависимости от типа возбудителя?**

1. Бактериальный (гонорея, хламидиоз, сифилис)
2. Вирусный (ВИЧ, вирус папилломы человека (ВПЧ), герпес, гепатит)
3. Грибковый (кандидоз)
4. Паразитарный

- **Как избежать ИППП?**

- Наиболее эффективной и оптимальной формой профилактики ИППП является регулярное и правильное использование барьерных методов контрацепции. Обеспечение своевременного лечения

путем прохождения специальных скринингов, недопущение осложнений и дальнейшего распространения инфекций.

- **Куда можно обратиться за лечением ИППП?**

- Для лечения необходимо обращаться в специализированные кожновенерологические диспансеры и центры. Список центров, действующих в Казахстане по этим направлениям, можно найти по следующей ссылке: www.kncdiz.kz



Важно знать:

Гинеколог – врач, занимающийся диагностикой, лечением и профилактикой заболеваний женской половой системы.

Андролог – врач, занимающийся обследованием, диагностикой, лечением и профилактикой заболеваний мужских половых органов.

Уролог – врач, осуществляющий диагностику, профилактику и лечение заболеваний мочеполовой системы у мужчин и женщин.

Венеролог (дерматовенеролог) – узко-профильный специалист, занимающийся профилактикой, диагностикой и лечением ИППП.

Вирус иммунодефицита человека.

Синдром приобретенного иммунодефицита.

ВИЧ повреждает клетки иммунной системы, в результате чего слабеет иммунитет и развивается СПИД. Организм теряет способность защищаться от инфекций и опухолей, а также



возникают вторичные заболевания, не характерные для людей с нормальным иммунным статусом⁷.

- **Как передается ВИЧ?**

Есть 3 способа передачи ВИЧ:

- половой контакт;
- от матери к ребенку;
- с кровью (медицинские манипуляции).

- **Через что может передаваться ВИЧ?**

ВИЧ может передаваться через:

- кровь;
- грудное молоко;

⁷ Сайт UNFPA. Методическое пособие «Важно для женщины. Твое репродуктивное здоровье и репродуктивные права».

- женские половые выделения;
- мужские половые выделения.

- **Можно ли жить, если ВИЧ-статус положительный?**
 - При ВИЧ назначается специальная антиретровирусная терапия (*далее – АРТ*). При соблюдении условий АРТ и ведения здорового образа жизни опасности для жизни человека нет. Но если вовремя не выявить ВИЧ и не назначить АРТ, ВИЧ перейдет на уровень синдрома, эти заболевания вызывают смерть пациента в среднем через 9-11 лет.

- **Как диагностируется ВИЧ?**
 - Инфекция выявляется при сдаче крови. Однако существует период открытого окна от 2 недель до 6 месяцев с момента заражения. В течение этого периода времени вирус в организме человека может не обнаруживаться.

- **Может ли женщина с ВИЧ-положительным статусом забеременеть?**
 - Да. Но для того, чтобы родить здорового ребенка, женщина должна принимать АРТ,

а также рожать ребенка путем кесарева сечения и никогда не кормить грудью. При соблюдении этих условий ребенок будет здоров от ВИЧ.

- **Как получить АРТ?**

- В Казахстане эта терапия проводится на бесплатной основе. Если по анализу крови выявлен ВИЧ-положительный статус, пациента берут на регистрацию. В каждом регионе работают специализированные ВИЧ и СПИД-центры. Есть также пункты доверия и кабинеты дружбы при СПИД-центрах. В этих же центрах назначают и предоставляют АРТ.

Вспомогательные репродуктивные технологии

В Казахстане действуют 19 центров, которые работают по государственной программе «Аңсаған сәби», где можно получить лечение по квотам через вспомогательные репродуктивные технологии.

- **Что такое вспомогательные репродуктивные технологии (ВРТ)?**

- ВРТ – это методы лечения бесплодия, процесс искусственного оплодотворения.

- **Кто может подать заявку на квоту?**

- Все граждане Казахстана, не имеющие наркотической и алкогольной зависимости, противопоказаний к беременности и родам, не страдающие соматическими и психическими заболеваниями, имеют право на получение квоты.

- **Каковы критерии для получения квоты?**

- Наличие специальных показаний на ВРТ на основании заключения, сделанного путем прохождения осмотра врачами.

- **Каков процесс подачи заявки на квоту?**

- Убедиться в соответствии с правилами отбора;
- Пройти обследование в отделе женской консультации по месту жительства;
- Прохождение врачебной комиссии при отсутствии противопоказаний;
- Прохождение комиссии в клинике ЭКО*;
- Получение квоты;
- Войти в программу ЭКО, выполнив все рекомендации и требования репродуктолога.

* Экстракорпоральное оплодотворение

- **Какие клиники предоставляют квоты на процедуру ЭКО?**

- В рамках системы ОСМС* услуги ВРТ предоставляют 19 клиник (в том числе 3 государственных, 16 частных медицинских организаций) в 8 городах страны⁸.

- **В каких городах расположены центры проведения ЭКО через квоты?**

- *В Алматы 8:*

- АО «Научный центр акушерства, гинекологии и перинатологии»
- ТОО «Институт репродуктивной медицины»
- ТОО «Private clinic Almaty»
- ТОО «Центр «ЭКО»
- ТОО «Международный Клинический Центр Репродуктологии PERSONA»
- ТОО «Клиника «AMD»
- ТОО Фирма «Экомед»
- ТОО «Нурай» ЭКО Клиник

- *В Астане 4:*

- ТОО «Астана Эколайф»
- ТОО «Геном Астана»
- ТОО «Экомед Плюс»

* Обязательное социальное медицинское страхование

⁸ https://egov.kz/cms/kk/articles/health_care/eco

- КФ «University Medical Center»
- *В Шымкенте 2:*
- ТОО «ЭКО ЦЕНТР ДОКТОРА ТАРАРАКА»
- ТОО «Экомед-Шымкент»
- *В Актобе:*
- «Областной перинатальный центр» ГКП на ПХВ Управление здравоохранения Актюбинской области
- *В Караганде:*
- ТОО «Акжан»
- *В Атырау:*
- ТОО «Экомед-Атырау»
- *В Усть-Каменогорске:*
- ТОО «Областной Центр репродуктивной медицины»
- *В Таразе:*
- ТОО «Медицинский центр «Брак и семья»


Перед обращением в центр каждый гражданин может получить от них консультацию, самостоятельно ознакомиться с информацией и принять решение о выборе клиники.

NOTA BENE

Одно из направлений Цели устойчивого развития «Обеспечение здорового образа жизни и содействие благополучию людей всех возрастов» ООН до 2030 года посвящено охране репродуктивного здоровья. В частности, предполагается интегрировать, сделать доступными национальные стратегии и программы в области распространения информации о репродуктивном здоровье и планировании семьи.

Сегодня в Казахстане МРЦ является одним из основных инструментов для осуществления информационно-разъяснительной работы в направлении репродуктивного здоровья. В свою очередь МЦЗ имеет определенный практический опыт. В перспективе их взаимодействие может стать основой для реализации качественной консультативной помощи молодежи.

В целом в ходе различных исследований о состоянии репродуктивного здоровья было выявлено наличие системных проблем. К ним относятся недостаточное образование населения по вопросам сохранения репродуктивного здоровья, нежелательная беременность и рост заболеваний, передающихся половым путем. В этой связи усилия в области репродуктивного здоровья должны быть направлены на создание



доступных и качественных услуг, включающих медицинское освидетельствование, применение современных методов контрацепции, а также диагностику и лечение заболеваний репродуктивной системы.

